

1. 13 тақырып. 1937 ж. қазақ зиялыларының тағдыры мен рухани моральдық дағдарысы.

2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері: 1936-1937 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргіннің қазақ зиялыларына әсерін талқылай отырып, олардың қоғам өміріндегі қызметіне баса назар аударып отырып ғылыми талдау жасау.

3. Лекция мазмұны. Қазақ зиялыларының рухани-моральдық дағдарысы 1937 жылғы қуғын-сүргін жылдарында айқын көрінді. 1937 жылы әдеби шығармаларымен елге танылған қазақ зиялыларын айыптау мен қуғындау етек алып, олардың шығармаларының әр жолынан, айтылған ой пікірлерінен ұлтшылдық пен байшылдықты, кеңес үкіметіне қарсылықты, теріс ниеттілікті көруге тырысушылар шықты. Тарих сахынасынан кеткен алашордашыларды айыптап, олармен азды көпті байланыста болғандарды жылы қабақ танытқандарды алашордамен байланысын үзбеген, алашорданың агенттері, ниеттері бір деп кінә тағу қалыпты іске айналды.

Жазушылар шығармаларынан күмәнді деген ой-пікір тауып, партия бағытынан, тап жолынан ауытқыды деп айыптады. Сыншылар осылай жасау арқылы, бір жағынан, тап жауларын, халық жауларын әшкерелеуге үлес қосты. Екіншіден, партия саясатын, бағытын қолдау үстінде деген өзі жөнінде жағымды пікір туғызу мақсатын көздеді. Тап жауларын әшкерелеу ісінен, жалпы елді қамтыған науқаннан қарапайым халықтан бастап, өкімет билігіндегі тұлғалар да тыс қалмады.

Бұрынғы көзден таса бола бастаған «алашордашылар ісі» 1937 жылдың басында тағы көтерілді. Қазақ КСР Халық ағарту Комиссары, Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі Т. Жүргеновтің «Мәдениет майданын талқандалған ұлтшылдықтың қалдықтары мен сарқыншақтарынан тазартайық» деген мақала жариялауы, мәдениет саласында әлі де ұлтшылдардың қалдықтары мен оларға ниеттестер бар деген пікірдің жандануына себепші болып, ұлтшылдарды, олардың сарқыншақтарын іздеуді онан сайын күшейтті.

Қазақ зиялылары, оның ішінде, жазушылар арасында бірін бірі саяси-идеялық жағынан айыптау, кінәлау күшейіп, қарқын алған кезде, өзі сыналып жатқанына қарамастан Сәкен, «халық жауы» деп айыпталғандарға қарсы ештеме жаза қоймады. Бірақ, бұл да назардан тыс қалмады. «Сәкен жолдас халық жауларымен күнделікті күресудің орнына, олардың қылықтарына шектен асқан шыдамдылық істеп үндемей отыр. Қазірде, қазақ ұлтшылдығы ең басты қауіп болып отырғанда, бұрынғы уклондар, партияға қарсы жіктер бір арнаға құйылып, ұлтшыл-фашистке айналып отырғанда, Сәкеннің тым-тырыс үндемей отырғаны, партия ұйымына жәрдем бермей отырғаны – партиялық міндетін толық атқармай отырғаны», – деп айыптады.

I. Жансүгіровті айыптау саяси сипат алып, оның шығармаларынан жаулық көзқарас іздеудің күшейгені соншалық, көркем шығармалары да бұрмаланып талқыға түсті. Кәріжан Дәукенов деген I. Жансүгіров жинағына ерекше шүйлікті. Ол: «Жинақтың ішіне ерте кезде ұлтшылдық идеологиясында жазған «Мерген мен бөкен» деген әңгімесін кіргізіп Жансүгіров қазақ еңбекшілеріне совет үкіметін жамандап, құбыжық етіп көрсетеді... Қазақ ұлтшылдарының ықпалына Жансүгіров те мықтап түскен. Сөйтіп қазақ еңбекшілерін «бөкен», совет өкіметін «мерген» етіп суреттеген. Сөз жоқ, бұл – барып тұрған контрреволюциялық, совет өкіметі мен қазақ еңбекшілерінің арасына дұшпандық отын жақпақшы болған алашордашылардың әрекетінен туған нәрсе.

Бұл кітап оқушыларымызға ешбір пайда бермейді, пайда беруі былай тұрсын, оқушыны теріс пікірге, алашордашыл контрреволюциялық идеяға қарай тартады. Мұнымен қатар партиямызға жау элементтерге құрал болатын жинақ», деп жазды.

Мақала І. Жансүгіровты совет өкіметіне қарсы, контрреволюциялық шығарма жазып алашордашыл идеяны халық ішінде насихаттап отырған сенімсіз күдікті адам ретінде ғана емес, беті ашық «халық жауы» ретінде көрсетті. Бұл сол зұлмат жылдары өте ауыр саяси айыптау еді. Ілияс жар шетінде тұрды. Арада екі апта өткенде тамыздың 13-інен 14-не қараған түні Ілияс тұтқындалды. Қазақ әдебиетінің дамуына азды-көпті үлесін қосып белгілі болып қалған көрнекті ақын-жазушыларды, енді қадам басқан жас әдебиетшілерді де тап жауларына іш тартады, тап жауларымен байланысын үзбеген, шығармалары зиянды, кеңестік қоғамға жат деген сипатта баспасөзде әшкерелейтін мақалалар жаңбырша жауды. Оған жазушылардың өздері де белсене араласты. І. Жансүгіровты 1938 жылы ату жазасына кессе, 1938 жылы С. Сейфуллинге «ұлтшыл буржуа» деген айыппен тұтқындап, 1939 жылы 28 ақпанда ату жазасына кесті. Б. Майлинде 1938 жылы жазықсыз тұтқындалып, қызыл қырғын саяси репрессияның құрбаны болды.

4. Оқытудың техникалық құралдары: глоссарий, слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, жазбаша, ауызша сұрау

5. Лекцияның оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық сұрақтар, дамыта оқыту технологиясы

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)

1-деңгейдің сұрақтары

1. 1936-1937 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргіннің қазақ зиялыларының әсерін талқылаңыз

2. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтың сынға алынуын баяндаңыз

3. 1937 жылғы репрессияның жікшілдік, жершілдік, рушылдық, бақталастықпен жаңа сатыға көтерілуін талқылаңыз

2-деңгейдің сұрақтары

1. І. Жансүгіровті айыптау саяси сипат алуы, оның шығармаларынан жаулық көзқарас іздеудің күшейген, көркем шығармаларының бұрмалануын баяндаңыз

2. Б. Майлиннің 1938 жылы жазықсыз тұтқындалып, қызыл қырғын саяси репрессияның құрбанын түсіндіріңіз

3. «Алаш» қайраткері - Н. Төреқұловқа баға беріңіз

3-деңгейдің сұрақтары

1. Ғасыр қасіреті: Сталиндік түрмелері туралы сипаттап жазыңыз

2. 1937 ж. қазақ зиялыларының тағдырына баға беріңіз

3. 1937 ж. қазақ зиялыларының рухани моральдық дағдарысын талқылаңыз

7. МӨЖ және ОБМӨЖ тапсырмалары: 1937 жылғы репрессияның жікшілдік, жершілдік, рушылдық, бақталастықпен жаңа сатыға көтерілуі.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. <http://akikat.kazgazeta.kz/>

2. Өскембаев Қ.С. Әлімхан Ермеков: тұлға тағылымы. – Қарағанды: Арко, 2013. – 339 б.

3. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 б.

4. Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2007. – 376 б.

5. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы: Сөздік, 2001. – 369 б.

6. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылым не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. – 208 б.